

Тегін ыстық тамақты алуға қажетті құжаттар тізімі

Мемлекеттік қызметті алу үшін төмендегі құжаттар қажет (санаттар бойынша):

Көп балалы отбасылар

1. Заңды өкілдерден белгіленген нысандағы өтініш
2. Туу туралы куәліктің көшірмесі (барлық балаларға)
3. Көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (егер бар болса)
4. Студенттер қатарындағы балалар үшін оқу орнынан анықтама (күндізгі оқу нысаны бойынша 23 жасқа дейін оқитындар)

Атаулы әлеуметтік көмек алатын аз қамтылған отбасылар

1. Заңды өкілдерден белгіленген нысандағы өтініш
2. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама

Аз қамтылған отбасылар

1. Заңды өкілдерден белгіленген нысандағы өтініш
2. Ата-анасының жеке басын куәландыратын құжат
3. Алынған табыстары туралы құжаттар (**соңғы үш айда** жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысы туралы анықтама)
4. Неке қию немесе бұзу туралы куәліктің көшірмесі
5. Кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түскен табыстар туралы анықтама
6. Алимент түріндегі табысы, балаларға және басқа да асырауындағыларға асыраушысынан айырылғаны туралы зейнетақы туралы анықтама (мүгедектер, зейнеткерлер)
7. Отбасы құрамы туралы анықтама (ауыл тұрғындары үшін)
8. Үй шаруашылығының болуы туралы анықтама (ауыл әкімдіктері)

Барлық табыстар қосылады, содан кейін отбасының әрбір мүшесіне бөлінеді. Бір адамға сомасы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы тиіс (2020 жылға ең төменгі күнкөріс деңгейі 31 183 теңгені құрайды)